



МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Фичерлер деген не және оны қалай
жазу керек?



Журналистика кез келген сала сияқты материалды жіктеуге ұмтылады. Бұл журналистік материалдарды жанрлары бойынша топтарға біріктіре отырып, талдау үшін қажет. Жанрлар айтарлықтай көп, мысалы хроникалар мен жазбалар, репортаждар мен сұхбаттар, мақалалар мен шолулар, очерктер, ток-шоу тағы сол сияқтылар. Жаңа медиа мен әлеуметтік платформалардың дамуына байланысты, Talk vlog (ток влог), Tutorial – онлайн лекциялар, лайфхактар, нұсқаулар және басқа да қосымша жанрлар пайда болды. Жанрлар бойынша қатаң бөлу тек теорияда ғана және белгілі бір дәрежеде, ақпараттық материалдарда берілгенімен, қазіргі таңда оқырмандар мен көрермендер кез келген материалды анықтай алады және жанрды атай алады. Шын мәнінде, жанрларға өзара кірігу тән, олардың арасындағы шегаралары көбінесе бұлыңғыр. Алайда журналистерге, әсіресе жаңа бастағандарға, қандай жанрлар бар, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтары қандай екенін білген абзал. Осы дәрісінде «Feature writing» немесе «фичерлер жанры», яғни өзекті мәселе бойынша таратылған материал туралы айтылады. Фичерлер – журналистиканың Америкада пайда болған күрделі түрі, ол жерде Фичерлер «пенни-баспасөзі» деп аталатын баспасөз дүркіреп тұрған 1830 жылдан бері белгілі. ТМД аймағындағы журналистика мектебінде бұл терминнің баламасы жоқ. Алайда «қызықты мақала», «қызықты очерк» тектес нұсқалары бар, сондай-ақ бұл терминді копирайтерлер қолданады және оны «лонгрид» деп атайды. Жыл сайын үздік фичердің авторы Пулитцер сыйлығын алады. Фичер басқа жанрлардан, материалда автордың тақырыпқа деген жеке көзқарасы көрсетілуімен ерекшеленеді, материал сезімге толы болып, автордың немесе кейіпкерлердің позициясы өте айқын көрінеді. Айтпақшы, фичерлерге бір немесе бірнеше кейіпкер міндетті түрде қатысады. Сонымен, тақырыпты таңдау мүмкіндігі, сөздік қорын кеңінен пайдалану шексіздігі және құрылымының алуан түрлі болуы журналистердің материал жасауда Feature writing үлгісіне жүгінуінің басты себебі.

Бұл жанрда тілшілер емін-еркін дайындалады, дегенмен фичер жазудың тәртібін сақтау қажет. Жалпы, жазудың осы стилі тереңдік, кеңдік, рең, көркемдік, батылдық, түсінушілік және шабыт береді. Фичерлер оқырмандарға жаңалықтар нысанында қол жеткізілмейтін тақырыпты түсіну деңгейін ұсына алады. Кейбіреулер әлі күнге дейін түсініксіз және ұмытылған ақпаратты үлкен саяси, тарихи, ғылыми немесе әлеуметтік маңыздылығымен бірге журналист табатын, ашатын және түсіндіретін журналистикалық тергеу-тексеру әдістерін пайдаланады. Басқалары материал кейіпкерлерінің жеке өміріне жарық түсіру үшін, маңызы аз егжей-тегжейлі мән-жайларды зерттейді.

Фичерлер аудиторияны шаттандыруы не ренжітуі, шабыттандыруы не ашуландыруы мүмкін. Автор тақырып желісін бояулы және жарқын сипаттауы, оқырмандарды оқиғалардың шым-шытырық бұралаңдарымен еліктіруі тиіс. Кейіпкерлер қарым-қатынас жасауға, күліп-қуануға, бір нәрсені талқылауға, мұңаюға мүмкіндік алады. Стилль – әдепкі стилльден тыс, бейресми болып келеді. Мүмкіндік болса, оқырман болған оқиғаның әсерін сезінуі үшін осы шақ пайдаланылады. Егер ақпараттық жазбаларда барлық «адами дүниелер» түбегейлі жойылған болса, фичерлерде ол атап көрсетіледі. Мысалы, кәдімгі хабарландыруларда кейіпкерлер келбетінің сипаттамаларын ешқашан көре алмайсыздар, ал фичерде бұл міндетті құрамдас бөлік. Алайда көркемдігіне қарамастан, фичер халыққа ақпар беруі тиіс.

Фичер ақпараттық және сараптамалық журналистиканың түйіскен жерінде орныққан деуге болады. Бұдан бөлек, автор журналистика өнерінің шебері болуы тиіс, әдеби талантқа ие болуы, көркемдік әдістерді меңгеруі шарт. Бірақ есіңізде болсын, фичерстер сипаттайтын оқиғалар шынайы болғандықтан, олар әдеби әңгімеге жатпайды. Сондай-ақ фичерстер материалдардың өзара түйісетін бірқатар санаттарын қамтиды. Олардың ішінде:

- жаңалық фичерстері, олар қазіргі кезде жаңалықтарда өзекті болып табылатын тақырыпты көрсетеді;
- бейтаныс тұлғалардың құпиялары мен өтіріктерін ашатын тергеу-тексеру фичерлері;
- адамдардың өмірі жайлы егжей-тегжейлі әңгімелейтін өмірбаяндық очерктер немесе портреттер. Айтпақшы, бұларды сіз жазып отырған объектімен жақсы таныс адамдардың сипаттамасы бойынша жасауыңызға болады;
- human touch stories деп аталатын, жалпыға қызық оқиғалар – сезімге толы, жанды жылататын, қауесетке толы немесе әзіл-оспақ; Фичерлер, негізінен, адами құмарлықтың нәтижесінде тіршілік етеді. Олар жансыз заттар туралы тарих болуы мүмкін;



- тар ауқымды тақырыптарға арналған фичерлер – тарих үзінділері, жол-жөнекей жазылған жазбалар немесе «how to – бұны қалай жасайды?» стиліндегі нұсқаулықтар;
- бизнес тақырыбындағы фичерлер;
- қандай да бір оқиғалардың жылдығына орай ойластырылған фичерлер;
- «өмірдің бір күні...» нұсқасындағы мамандықтарға арналған фичерлер бар. Әр қалада қауіпті немесе ерекше жұмыспен айналысатын көптеген адамдар бар.
- тарихи фичер;
- сайдбарфичер. Ол жаңалықтарды сүйемелдеуі мүмкін. Көп жағдайда, келесі күні шығады.
- репортаж-фичер – оның әдеттегі ақпараттық репортаждан айырмашылығы бар. Егер сіз қызықты дерек тапсаңыз, оларға бірнеше сұхбаттар қосып, оны қызықты әдеби түрде ұсынсаңыз, онда қолыңызда репортаж-фичер сияқты нәрсе болады.

Бұл фичердің ықтимал үлгілерінің толық тізімі емес. Фичерді кез келген тақырыпқа жазуға болады. Бірақ идея тым бұлыңғыр болып, айқын болмаса, жақсы фичер шықпайды. Өз идеяңды нақтылау керек, өз назарыңды тірі, нақты адамдарға жұмылдыруың керек. Студент-журналистер жаңалықтар тарихынан фичерлер жазуға ауысқан соң, алғашқыда оларды құрастыру қиындық туындатады, студенттер шатасады немесе жаңалық жазбасына қарағанда, материалға жай ғана көбірек дерек қоса салады. Фичерлер автордың тікелей мәлімдемесімен бірге жүретінін естен шығарады. Алайда фичерлер бұлай жұмыс істемейді. Мұнда жеке ережелер жиынтығы бар.

Әмбебаптық – бұл журналистерге арналған пайдалы сипаттама, сондықтан әртүрлі стильде жұмыс істеу қабілетін дамыту ақылға қонымды, жаттығыңыз, сонда жаңалықтарды да, фичерлерді де жаза аласыз. Іс жүзінде жаңалықтар әрқашан қысқа болып келеді. Жаңалық мәтін 700 сөзден асатын жағдай сирек. Фичерлердің көлемі 800-ден 3000 сөзге дейін болады. 30 000-нан астам сөзден тұратын мақалаларымен атағы шыққан америкалық «New Yorker» әдеби журналы ғана бұған жатпайды. Айтпақшы, «New Yorker»-дегі «feature writing» стиліндегі ең танымал оқиға – америкалық журналист Джон Херси жазған «Хиросима» атты эпикалық оқиға. Бұл 1945 жылдың тамызында Жапонияның Хиросима қаласына тасталған атом бомбасының адамдарға тигізген әсерін зерттеу болатын. Журналдың бүкіл нөмірін толтырып тастаған бұл эссені ол, бомбалаудың бірінші жылы, яғни 1946 жылы жазған. Көлемі – 31 000 сөз. Осы мақаланы баспаның интернеттегі сайтынан оқуға болады. Бұл материал сол замандағы баяндаудың ерекше әдістері пайдаланылған және мазмұнында қатысушылардың жеке тәжірибесі атап көрсетілген фичердің классикалық үлгісі болып саналады.

Жанрдың тағы бір ерекшелігі – оның құрылымы. Фичерлер төңкерілген пирамидалар түрінде жазылмаған. Басқа да онлайн-дәрістерде айтылғандай, төңкерілген пирамида ақпаратты ұсынудың тиімді және реттелген тәсілін қамтамасыз етуге арналған. Фичерлердің ақпаратқа арналған ауқымды кеңістігі бар және ол миға қонымды болуы мүмкін. Фичерлер күлкілі әңгімеден, күлкілі сөздерден немесе егер бұл баспа басылымы болса, жақтаумен немесе виньеткамен рәсімделген жарқын тікелей дәйексөзден басталуы мүмкін. Мұндай материалдар уақыт шеңберімен, осы шақтан бастап, өткен шаққа өтуі, ал содан кейін кері қайтып, оралуы мүмкін.

Фичерлер ақпарат беруде деректер мен сезімдердің арасындағы балансты табады, дегенмен есіңізде болсын, олар әрқашан нақты дәлелді болады. Шын мәнінде, ең қызықты және ең тартымды фичерлер – мұқият зерттелген фактаж. Иә, бұл материалдар айтарлықтай шығармашылық мәнге ие, бірақ олардың мазмұнында көркем шығармадағыдай ұшқыр қиялға орын жоқ. Олар шынайы өмірге байланған және әлем туралы деректерді баяндайды. Баспасөз басылымында бір фичердің бірнеше беттерді алуын көзіңізге елестетіп көріңізші. Бұл тарих күтпеген тосынсыйларды, ашық әңгіме мен әртүрлі сәттерді беруі мүмкін. Олар автор тіпті ой тастамаған немесе басында ашпаған қорытындыға алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, сөз етіліп отырған адамдар мен түрлі жерлер туралы жарқын сипаттауларды қамтуы мүмкін.

Timelessness – фичерлердің негізі қасиеті, олар уақытқа бағынбайды, оларды оқу әрқашан қызықты. Шебер автор оқырманды оқиға арқылы жетелеп отырады. Осыны жақсы іске асырудың маңызды әдісінің бірі – біріктіретін, барлық бөлшектерін байланыстыратын, аудиторияны өзін сенімді сезінуге мәжбүрлейтін және сіз берген материалды түсіндіретін сіздің бірегей, логикалық құрастырылған тақырыбыңыздың бар екеніне көз жеткізіңіз. Тіпті сіз



оқырманды жаңа мәліметтермен таңдандырсаңыз да, оларды жаңа егжей-тегжейлі мән-жайларға тәнті етсеңіз де және қандай да бір бейнені көзге елестетуге шақырсаңыз да, мәтіннің бірыңғай тақырыбын ұстануға тиіссіз. Бұл үшін ең басында, әдетте, тақырыпты айқындайтын жалпылай қамтитын пікір беріледі. Келесі пікірлерде тақырыпқа қайта сілтеме жасау оқырманның мәнмәтінді сақтау мен түсінуіне мүмкіндік береді. Барлық пікірлер мақаланы біріктіруі тиіс.

Фичерлер үшін лидтің түпнұсқа болуы маңызды. Мақаланың өз «денесіне» нақыл сөздер, фактілер қондыруға болады, бірақ сахналау мен материал кейіпкерлері іс-әрекеттерінің дәл сипаттамасы үлес салмағы басым болады. Олардың не істегені туралы ғана емес, не сезінетіні, не ойлайтыны немесе армандайтыны туралы айтуға болады.

Жақсы диалог – бұл оқиғаны мұқият қадағалау; ол оқырмандарға күшті ментальды бейнелерді береді және оларды мәтінге және оқиғаның басты ойыншыларына байлайды. Егер фичерлердің құрылымы туралы айтатын болсақ, шамамен, келесідей болуы мүмкін:

- Анекдот;
- Тақырыпты дамыту, шиеленісті сипаттау;
- Кейіпкерді таныстыру;
- Сұхбат;
- Фактілер;
- Тағы да сұхбат кейіпкері; немесе оның жарқын дәйексөзі;
- Тұжырым, қорытындылар.

Фичерді даярлау кезінде кейбір тәсілдерді қолдану, заманауи ақпарат жағдайында оқуына көп уақыт талап ететін лонгридтерден қашқақтайтын аудиторияның назарын ұстап тұруға көмектеседі. Медиа-мамандар оқиғаларды хронологиялық тәртіп бойынша пайдалануға кеңес береді, оларды тізбе түрінде беруді ұсынады. Сондай-ақ мәтіннің басында тақырыпқа қатысты жеке авторлық көзқарас беру керек, содан кейін өз көзқарасыңызды түсіндіруіңіз қажет. Алдымен мәселені сипаттаңыз, ал содан кейін оның шешіміне өтіңіз; Белгілі деректер туралы әңгімелеңіз, ал содан кейін жаңаларын ашыңыз; Материалдың шеңберлі композициясы – бұл да өзіңіз пайдаланған тұжырымдарыңызды бір мезгілде біріктіре отырып, мақаланың басына қайта оралудың жақсы тәсілі. Ең басында «алға шығуға» және оқырманның қызығушылығын арттыратын ақпаратты хабарлауға, ал содан кейін мән-жайды егжей-тегжейлі ашуға болады. Келтіретін дәйексөздерге абай болу және оларды мұқият таңдау керек, өйткені олар ұзақ сақталып қалуы мүмкін.

Дәйексөз – бұл қандай да бір мәтін немесе пікірдің дәл үзіндісі. Тікелей дәйексөз – толық келтірілген сөйлем немесе мәтіннің бір бөлігі, басында және соңында тырнақша қойылады. Жанама дәйексөз айтылғанның бәрін жинақтайды, тырнақшаға алынбайды, бірақ авторға жасалатын сілтемені қамтиды. Біз дәйексөздерді бастапқы көздерінен пайдаланамыз, мысалы, бұл біз сұхбат алатын адамдар немесе қайталама көздерден – бұл бұрын жарияланған материалдар болуы мүмкін. Дәйексөз – бұл кейіпкерлердің үні, оқиға кейіпкерлерінің әңгімелері. Олар оқиға мазмұнына салмақ пен түс береді, олар көптеген журналистік материалдар, әсіресе фичерлер үшін маңызды. Оларды мұқият жазып алыңыз және ұқыпты пайдаланыңыз. Сұхбатпен жұмыс істегенде болашақта материалда пайдалануға болатын нақты және терең мағыналы дәйексөздерді бірден белгілеп алыңыздар.

Фичерлерде дәйексөздерді пайдалану бойынша бірнеше кеңес:

- оқиғаны жақсартуға қажетті, оған жан беруді ескере отырып, дәйексөздерді мұқият таңдаңыз;
- олар қысқа да нұсқа болуы тиіс: ұзын және шатасқан дәйексөздерден аулақ болыңыз;
- өз тарихыңызды ашу немесе қорытындылау үшін, ең өткір дәйексөздерді белгілеп алыңыз;
- ешқашан айтылған бастапқы пікірлердің мағынасын бұрмаламаңыз.

Сондай-ақ фичерлерде дәйексөздер ғана емес, кейіпкерлердің ойы мен сезімі, олардың арасындағы диалогтар келтіріледі. Бірақ ол оқиға қатысушыларының сұхбатына кірістірілмесе де, ол туралы кейіпкердің әңгімесінен білгенімен, онда автор осы оқиғаны қайта құрастыра алады.



Фактілер мен цифрлар. Сіздің салмақты зерттеу жұмысын жүргізгеніңізді дәлелдейтін бір-қатар фактілер мен цифрларды келтіретін болсаңыз, онда ұтасыз. Барлық оқиғалар іс жүзінде расталуы тиіс. Алайда тек фактілер оқырман назарын сирек аударады. Фактілер орынсыз және шын мәнінде іш пыстыратындай қолданылса, кейбір адамдар оларды фактоидтар деп атайды. Міне, фактілерді пайдалану бойынша бірнеше кеңес:

- фактілер мен цифрларды пайдалануда артық кетпеңіз, бірақ ешқашан олардың маңыздыларын жібермеңіз;
- бір абзацта деректердің тым көп болуынан сақтаныңыз – оларды материалдың бүкіл мәтіні бойынша бөліңіз;
- деректерді тек беделді көздерден пайдаланыңыз;
- олардың дәлдігін әрдайым тексеріп отырыңыз.

Тағы бір ұсыныс: Көрсетіңіз, бірақ айтпаңыз. «show-don't-tell» принципі – «көрсету, бірақ айтпау» – тек әншейін факт келтірмей, мәні сипатталған іс-әрекетті суретпен беруге болса, онда материалыңыз әлдеқайда тиімдірек болады дегенді білдіреді. Сипатталған іс-қимылдың нәтижесінде оқырман жеке тұжырым жасайды, яғни әзіл, қызықты дәйексөздер, салыстыру арқылы оқиғалар туралы айту керек емес, КӨРСЕТУ керек. Мысалы, өмірбаян фичерінде «Анна балалармен өте жақсы тіл табысады» дегеннің орнына Аннаның баламен өзара іс-қимылын сипаттайтын көріністі, оның балаға қарап жымиғанын, ойын үдерісінің қалай жүргенін, оның іс-қимылына бала қалай назар аударатынын сипаттап берген дұрыс. Оқырман мұндай жағдайда көріністі көзіне елестетіп, Аннаның қандай адам екені туралы өз бетінше тұжырым жасайды. Фичерлер көбінесе циклды жарияланады – мысалы, ол тұрмыстық зорлық-зомбылық, революциядан кейінгі ел өмірі туралы мақалалар сериясы және т.б. болуы мүмкін. Фичерстің авторы тіптен сол оқиғаға өзі қатысқандай әсер беріп жазады, ал кейбірлері бірінші адамның атынан оқырманмен диалог жүргізуді қалайды. Журналистикада бірінші адамды кеңінен пайдалану үрдісі анық болуда және оны пайдалануға қарсы болу дұрыс болмас еді. Бірақ журналистикадағы жаңа адамдар абайлап іс-әрекет жасауы тиіс және «мен» сөзінің жазылуын мақаланың тақырыбы және мазмұны ақтауы тиіс. «Мен» сөзі көбінесе кейіпкерлерге назар аудара отырып, журналист пен негізгі қатысушылардың арасындағы байланысты көрсету үшін жиі пайдаланылады. «Мен» сөзінің арқасында оқырман автордың дауысын естиді, оқиғаға қатысты нәзік эмоциялық түсіндірмелердің есебінен оның жеке бейнесін түсінеді, бұл мәтінге қосымша бояу мен тартымдылық береді. Жазушының өз басы ерекше оқиғаларды басынан өткерген жағдайда бірінші жақ есімдігін пайдалану орынды болуы мүмкін. Бірінші жақ есімдігін орынсыз пайдаланбаңыз.

Үздік фичерстер ең алдымен логикалық және ақылды құрылымның сиқырлы комбинациясын, тілді, тамаша тақырыпты, мұқият зерттеулерді, керемет пайдалануды, иллюстрациялық дәйексөздерді және әзіл әңгімелерді, сондай-ақ оқырманның оқиғаға енуіне көмектесетін, көзге жеңіл елестейтін пейзаждарды білдіретін X-факторға ие болады. Фичер үшін ақпарат жинау оқиға қатысушыларымен ұзақ әңгімені, мейлінше толығырақ ақпарат алу мүмкіндігін көздейді, оқиға орнына баруды қосады. Осылайша, осындай материалдың өзіндік құны қандай да бір басқа материалдың өзіндік құнына қарағанда, әлдеқайда жоғары болады. Онымен қоймай, фичерлермен тәжірибелі журналистер жұмыс істейді. Дегенмен медиаұйымдардың осындай ақпараттық өнімге жіберетін шығындарының орнын оқырманның қызығушылығы толықтырады.

АҚШ-та өткізілген зерттеуде бір жағдайда жаңалық жазбасын, ал келесі жағдайда тура сол ақпаратты фичерс түрінде оқуды ұсынған. Оқырмандар өздерінің жазбаға 57%-ы қызығушылығын білдірген, ал фичерге – 86%. Жақсы фичердің мәні – оқырманды тақырыпқа қосу. Бұл сіз айтып отырған оқиғалар мен адамдарды оқырман көре алатындай, сол оқиғаны басынан өткізетіндей етіп, тақырыпты жандандырған кезде мүмкін болады; өз көзіңізбен көргендей әсер құру, мәнерлілікпен оқырманның зейінін тартып алу, қаныққан эмоциялық элементтер маңызды болып табылады. Заманауи журналистикада оқуға арналған жағымды нәрселер аса көп емес, ал фичерлер тап соған жатады. Осы жанрмен нақтырақ танысу үшін, «Feature Writing» номинациясындағы Пулитцер сыйлығы иегерлерінің тізімін зерттеуді ұсынамын.